# ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМЫ

## *бірінші рет өткізілді*

**Уәлихан ТОҚПАТАЕВ.**

Облыс әкімінің, облыстық ішкі саясат департаменті мен ақпарат басқармасының бастамасымен Баспасөз күні қарсаңында – 23-25 маусым аралығында "Көгілдір бұғаз" демалыс үйінде журналистердің бірінші облыстық форумы өтті. Шығыс Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген беделді де білікті қаламгерлер форумының ашылу салтанатына облыс әкімі Талғатбек Абайділдин мен оның орынбасары Александр Гречухин қатысты.

Біз "баспасөз билігімен" тиімді әрі жемісті жұмыстың арқасында сындарлы, әріптестік диалогқа қол жеткіздік, аймақтың ақпараттық кеңістігін дамытып, қалыптастырдық, деді облыс әкімі Талғатбек Абайділдин форумға қатысушыларды құттықтау сөзінде. Қазір жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өзіндік қолтаңбасы журналистердің жоғары кәсіби шеберлігі мен белсенді азаматтық тұғырнамасы негізінде қалыптасып отыр. Меніңше, пікірсайыс, аналитикалық талдау, қоғаммен белсенді қарым-қатынас орнату біздің ақпараттық саясатымыздың өзегі болуы тиіс. Жалпы, БАҚ пен қоғамдық қатынастар ішкі саяси өмірден жырақ болмауы тиіс.

Біздің алдымызда ауқымды да жауапкершілігі мол жұмыстар тұр. Журналистердің бұл форумы бәрімізді сындарлы әріптестікке ыңғайлап, әрбір қаламгерге шығармашылық екпін береді деп сенемін. Осы форум журналистердің кәсіптік шеберлігін шыңдауға, пікір алмасып, қоғамдық ой-сананың топтасуына қызмет етері сөзсіз.

Т. Абайділдин бұл жолғы Шығыс Қазақстан облысы әкімінің сыйлығын алу сайысына журналистердің аз қатысқанын, келер жылы сыйақының көбейтілетінін де атап көрсетті. Ол сайыс жеңімпаздарына облыс әкімінің сыйлықтарын салтанатты түрде табыс етті.

"Облыстың тарихы мен мәдениеті" номинациясы бойынша облыстық "Дидар" газеті бас редакторының орынбасары Айтмұхамбет Қасымовқа, "Қоғамдық-саяси тақырыбы" номинациясы бойынша облыстық "Рудный Алтай" газеті бас редакторының орынбасары Виктор Топорковқа, "Ауылдағы әлеуметтік-экономикалық реформаларды ақпараттық қамтамасыз ету" номинациясы бойынша Шемонаихада шығатын "ЛЗ сегодня" газетінің журналисі Надежда Кокоринаға, "Жастар мен балалар тақырыбы" номинациясы бойынша Күршім аудандық "Рауан - Заря" газеті "Болашақ" қосымша бетінің редакторы Аяужан Ләзімхановаға, "Мораль және рухани проблемаларды ашып көрсету" номинациясы бойынша ЖШС "КТВ-5" телекомпаниясының" журналисі Болат Салықбаевқа, "Аймақтың экономикасын дамыту" номинациясы бойынша "Қазақстан радиосы мен теледидары республикалық корпорациясы" АҚ Шығыс Қазақстан филиалының жаңалықтар қызметінің редакторы Гүлфариза Рамазановаға, "Азаматтық және ұлтаралық келісімді нығайту" номинациясы бойынша "Реалтайм" студиясының директоры Саид Фазыловқа диплом мен ақшалай сыйлықтар тапсырылды.

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралдары департаментінің директоры Ж. Құрманғалиева форумға қатысушыларды құттықтап, бір топ журналисті министрдің грамотасымен марапаттады. Сондай-ақ, "Қазақ ақпараттық агенттігі" АҚ вице-президенті Э. Раева, ҚазМУ журналистика факультетінің кафедра меңгерушісі Л. Ахметова, республикалық "Казахстанская правда" газетінің бөлім редакторының орынбасары Э. Жылқыбаев журналистерді төл мерекесімен құттықтады.

Форумға қатысушылар келесі күндері "Қазақстан қоғамындағы БАҚ-тарды дамыту", "БАҚ және сайлау", "Мемлекеттік идеологияны қалыптастыру", "БАҚ менеджменті", "Электрондық БАҚ-тардағы жаңалықтар", "Журналистің азаматтық тұғырнамасы" және тағы басқа тақырыптарды талқылады, пікір, тәжірибе алмасты. Пікірсайыс клубтары мен шеберлік сыныптарының жұмыстарын Астана мен Алматыдан келген қонақтар, облысымызға танымал тәжірибелі журналистер жүргізді. Сөйтіп, журналистер қауымы бой сергітіп, ой сергітіп қайтты.